МАРҒҰЛАН ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Мүсіркеп СЕЙДАХМЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Жағымды жаңалық естісең жаның жадырап сала беретіні бар. Оның үстіне жаңалық жерлестеріңе қатысты болса қалайша марқайып, мақтанбайсың?!

Күні кеше, яғни 17-22 маусым күндері аралығында Индия мемлекетінің Коимбатор қаласында пауэрлифтингтен Азия чемпионаты өткен болатын. Аталмыш дүбірлі додада 23 жасқа дейін 66 келі салмақ дәрежесінде жерлесіміз, Шет ауданының азаматы Марғұлан Бекен қарсыластарынан оқ бойы озық шығып, алтыннан алқа тақты деген сүйіншілеген жаңалық желдей есіп жамағатқа жетіп, елмен бірге біз де бір желпініп қалдық.

Марғұланның жеке бапкері әлемнің төрт дүркін жеңімпазы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері Әбілкәрім Қараман. Айтулы Азия чемпионатында Қарағанды облысы құрама командасы Қазақстан қоржынына барлығы 16 алтын, 12 күміс және 5 қола салыпты. Бұл деген өте үлкен жетістік. Еліміздің абыройын асқақтатып жүрген спортшыларымыз әлемдік додаларда топ жарып, көк туымыз қашанда биіктей берсін.

ШЕТ ауданы.